

УДК 376.4

Аюпова Гулбаршын Турагуловна

Философия ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті., Семей қаласы.

Елеупаева Жанар Каукербековна

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті., Семей қаласы.

Еркинтаева Дидар Утебаевна

Педагогика ғылымдарының магистры, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті., Семей қаласы.

e-mail: Didar_4590@mail.ru

**АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫ ОҚИТУ
МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақала арнайы мектепте психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне негізделген. Қазіргі кездегі арнайы мектептің педагогикалық тәрбие әдісі – ақыл ой, тіл, есту, көру кемістігі бар балалардың дамуында шешуші рөл атқарады. Мақала мақсаты – түрлі дәрежедегі кемістігі бар балалар дамуын қалыпқа келтіру жолдарын қарастыру. Арнайы мектепте – дамуында ауытқушылығы бар балаларды тәрбиелеу және үйрету арқылы тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру және оларға жағымды ықпал ету.

***Түйін сөздер:** ПДТ, оқыту әдісі, тәрбие әдісі, тіл кемістігі, саңырау, соқыр, нашар көретіндер, керең, нашар еститін, тәрбиеші, коррекция, мадақтау, жазалау, дамыту.*

Статья направлена на изучение проблемы обучения и воспитания детей с ЗПР. Современные специализированные школы выполняют решающую роль в развитии детей с нарушениями в умственном развитии, слуха, зрения и речи. Цель статьи – рассмотреть пути коррекционной работы с детьми имеющие нарушения разного генеза, а также подход специализированной школы в воспитании и обучении учащихся основанной на развитии их личностных качеств.

***Ключевые слова:** ЗПР, метод обучения, метод воспитания, дефект языка, глухие, слепые, слабослышащие, глухие, слабослышащие, воспитатель, коррекция, поощрение, наказание, развитие.*

The article is aimed at studying the problem of education and upbringing of children with ZPR. Modern specialized schools play a crucial role in the development of children with disabilities in mental development, hearing, vision and speech. The purpose of the article is to consider the ways of correctional work with children with disorders of different Genesis, as well as the approach of a specialized school in the education and training of students based on the development of their personal qualities.

***Keywords:** ZPR, method of teaching, method of education, language defect, deaf, blind, hard of hearing, deaf, hard of hearing, educator, correction, encouragement, punishment, development.*

Коррекциялық – дамыту педагогикасы деген ұғым 90-шы жылдардың басында пайда бола бастады. Бұған дейін дефектология-тіл мүкістігі, сурдопедагогика-саңыраулармен жұмыс, тифлопедагогика-соқырлар мен нашар көретіндер, логопедия-тіл, сөйлеу кемістігі барлар, олигрофенопедагогика-ақыл-ой дамуы артта қалғандармен жұмыс жүргізілген.

Тәрбие әдісі- тәрбиеленушілер мен тәрбиешілердің өзара байланыс іс-әрекеттерінде оқушылардың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына бағытталған педагогикалық жұмыс тәсілдері. Естімейтін және нашар еститін балаларға арналған арнайы мектептердің тәрбие әдістері, тәрбие жұмысының мақсаттарымен және мазмұнымен анықталады.

Қазіргі кезде, жалпы мектептер сияқты, арнайы мектептердің тәрбие әдістерін жіктеудің оннан астам түрі бар. Іжіктеу (3 топ)

1-топ. Тәрбиеленушілердің іс-әрекетіндегі, қарым-қатынастағы, мінез-құлқындағы жағымды тәжірибені қалыптастыру әдістері: талап, қоғамдық пікірлер, үйрету-жаттықтыру, арнайы тәрбиелік ситуация. Мысалы: естімейтін немесе құлағы нашар еститін балаларды- борыштық сезімге, жауапкершілікке, белсенділікке жаттықтыратын өндірістік бригада, шефке алу жұмыстары болып табылады.

2-топ. Жеке адамның сапасын, мысалы, ұғым, баға беру, пайымдау, пікір айту, сендіру сияқты ұғымдарды естімейтін және нашар еститін балалардың санасында қалыптастыру. Бұл топтың әдістері: саяси, этикалық әңгіме,

әңгімелесу, пікірталас, лекциялар т.б. Бұл әдістердің естімейтін және нашар еститін оқушылар санасына ықпал жасауда маңызы өте зор. Естімейтін және нашар еститін оқушылардың санасын тұрақты қалыптастыру үшін, көбінесе педагогтармен тәрбиешілер-әңгіме әдісін қолдануды жөн көреді. Мұндай балалар, яғни, естімейтін және нашар еститін балалар әңгіме әдісінде саяси, эстетикалық мәселелерді талдауға белсене қатысады. Олардан тиісті қорытынды шығару үшін ойланады, ақылға салып түсінеді.

Әңгіме әдісін, естімейтін немесе нашар еститін балаларды іске асыру үшін, педагогтар мен тәрбиешілер, мына келесі талаптарды есте сақтауы қажет.

1. Тақырыптың көкейкестігі, яғни өмірге қажеттілігі балалардың мүддесіне жауап беруі тиіс.

2. Әңгіменің мазмұны естімейтін және нашар еститін балалардың жас ерекшелігіне сәйкес баяндалуы қажет.

3. Әңгіменің тақырыбына сәйкес, техникалық құралдар, тиімді көрнекілікті пайдаланған жөн.

4. Сөздік дайындық жұмысы, жоспар, уақыты мен өміріне байланысын, пікірталас әдісін, біз, естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектептің жоғарғы сыныптарындағы оқушыларға өз пікірін айтуын, баға беруін сенімін қалыптастыруға қолданамыз.

Пікірталас тақырып бойынша, естімейтін және нашар еститін оқушы өзінің көз-қарасын, ойын дәлелдейді. Сонымен бірге, басқаның пікірін тыңдауға үйренеді, келісу немесе таласу пікірлері де пайда болады.

Естімейтін және нашар еститін оқушыларға арналған мектептерде пікірталас оқушыларды қателікпен, жалған көзқарастармен күресуге, түзетуге бағытталған. Естімейтін және нашар еститін оқушылардың ойлану сапасын жақсартуға, талаптануға, ойлау процесін түзетуге, тиіс кемістігін жоюға, сөз қорын байытуға мақсатталған бірден-бір әдіс-пікірталас.

3- топ. Мадақтау және жазалау әдістерін-естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектепте өткізілетін тәрбиелік шаралардың сапасын және тиімділігін арттыру үшін, кейде адамгершілік тәрбиесішісінің әдістері көмектесуді қажет етеді. Бұл жағдайда мадақтау мен жазалау әдістері пайдаланылады [48].

Мадақтау - тәрбиеленушіні іс-әрекетінде және мінез-құлқында белсенділікке ынталандыру.

Жазалау- бұл балаға қоғамдық талап қою, оның мінез-құлқында байқалатын теріс қылықтарды тежеу тәсілдері. Жазалау үшін, оның шындығын толық білу керек, сонымен бірге, ұжым пікірі жазалау жайында болғанда ғана, баланы жазалауға болады.

Коррекциялық психологиялық және педагогикалық дамуында түрлі ауытқуы бар балаларды оқыту мен тәрбие беру заңдылықтарын, мағынасын, мәнін, негіздерін зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеу объекті – баланың тұлғасындағы ауытқулар: көру, есту, сезу, дәм сезу, психикалық ауытқулар, ақыл-ой кемістігі.

Коррекциялық-педагогикалық әрекеттің ұстанымдары:

1. Педагогикалық әрекеттің мақсатқа бағытталуы.

2. Біртұтастығы мен жүйелігі.

3. Ізгілік ұстанымы.

4. Тұлғаның жақсы жақтарын тауып көре білу.

5. Құрмет көрсете білу және қажеттілік тудыра білу ұстанымы.

6. Саналылық және белсенділік ұстанымы.

7. Жан-жақтылық ұстанымы.

Кемшіліктермен қатар оларды дамыту мүмкіндіктері де қарастырылады. Арнайы мектептерде мұндай балаларды тәрбиелеу мен оқыту - жалпы ақыл-ойды дамытуға және олардың кемшіліктерін түзетіге бағытталған, осының көмегімен олардың қабылдауы орта мектеп жасында бөлшектерді қабылдай алады, моторика жақсарады, сөзді айтқандағы кемшіліктері түзеледі, сөйлемдері ретпен және байланысы дұрыс құрыла бастайды. Әсіресе есте сақтағандарды қайта жаңғырту жақсарады, оның дамуына қайталау модификациясы көмектеседі(Л.В.Занков). Заттарды салыстыру мен жалпылау жақсарады, еріксіз назар көрінеді(Ж.И.Шиф). [50]

Сынып жетекшісі - өзінің сыныбына тәрбие жұмысын қалыптастыру болып табылады. Арнайы мектеп оқушылары қозғыш болып келеді. Мұғалімдерді тыңдамай, жан-жағына алаңдап, қасындағы жолдасына жұмыс жасауына мүмкіндік бермей, кедергі келтіреді. Осы себептен арнайы мектепте тәрбие тәрбие мазмұнының рөлі аса зор. Мұғалім оқушыға тек бір жақты қарамай, оның мінез-құлқына, кемістігіне, дәрежесіне, денсаулығына аса зор

мән беру қажет. Кейбір есту қабілеті зақымданған балалар қарапайым нәрсені орындаудан бас тартады. Мұндай кезде мұғалімнің талап қойғыштығы болу керек. Балаға бас салып ұрыспай, оған түсіндіру, дұрыс жолға бағыт беруі тиіс. Сондықтан да, есту кемістігі бар балаларға арнайы мектеп тәрбиешісінің алатын орны ерекше. Тәрбиешілер, ең алдымен, өзі үлгі болатындай етіп, өз-өзін тәрбиелеуі керек. Әр баламен жеке дара жұмыс жасап, әңгімелесіп, сырласу тәрбиешінің ғанибетгі ісі.

Тәрбиешілер табиғи болуы қажет, олардың жылы жүрегі, мейірімді жүзі, аялы алақаны, ыстық құшағынан балаға дүние есігі ашылады, оның дүние танымы, өмірді танып білуінен басталады. Әр тәрбиешінің бойында, естімейтін және нашар еститін балаларға деген сүйіспеншілік, қамқорлық сезімі, елеулі рухани күштің, сезім сұлулығы мен мінез байлығының, өмірдің әр қырының жағымды үлгі-өнегесі болуы қажет.

Сөйлеудің бұзылуынан зардап шегетін балалар психологиясы. Соңғы жылдары еститін және ақыл-ойы толық жетілген сөйлеудің дамымауы немесе мүлдем сөйлей алмайтын балаларды зерттеу саны көбейіп келеді. Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, ауызша сөйлеудің дамымауы фонетикалық, лексикалық және грамматикалық құрылымдарды да қамтиды. Сөйлеудің дамымауының оқудың, жазудың бұзылуымен және танымдық қызметтердің өзгеруімен байланысы бар екендігі анықталды.[64]

Соқыр балалар психологиясы. Көзі нашар көретін, тіпті көрмейтін балалардың айналамен, қоршаған ортамен арақатынас, білім-таным дамуы өте қиын жағдайда болады. Бұл кезең соқыр баланың өсіп дамуы кезінде ең бір жауапкершілікті кезеңі. Себебі бұл кезеңде соқыр бала үшін таным-білім тәсілдерін нақты негізі қаланып үлгерген жоқ. Қалыпты балаға қарағанда соқыр баланың психикалық дамуы әруақытта төмен болады. Мектеп жасына дейінгі бала үшін қоршаған ортамен танысу қимыл әрекет арқылы басталады, негізгі өзінің дене қозғалысымен, қолының әр түрлі майда қимылдарымен, өзіне таныс кеңістікте орын ауыстыра білумен ғана басталады. Әрине дені сау балаға қарағанда бұл таным-білімнің кешігуі. Ал сау бала бұл іс-әрекеттермен ертерек танысады. Осы кезеңде кез-келген ортадағы заттармен танысып-білісу қимылмен ғана емес, сөз

арқылы көптеген функционалдық танымға ие болады.

Керең балалар психологиясы. Керең балалардың дамуы толыққанды, алайда кереңдік дұрыс сөйлеуді бұзады. Керең балалардың танымдық қызметі мен олардың тұлғалық қалыптасуында бірқатар ерекшеліктер бар. Керең балалар психологиясының негізгі проблемасы – олардың компенсаторлық дамуының ерекшелігінде, ол тілді меңгергенде дамиды. Зерттеулер көрсеткендей, естудің кемшілігі басқа қабылдау түрлеріне әсер етеді(И.М.Соловьев). Мектепке дейінгі жаста сөйлуді үйрету керең балалардың компенсаторлық дамуын тездетеді. Осы кезде ерінге қарап түсіну, жазылған және дасынып-пиритрлік сөздерді оқу, вибрациалы-тактильді сезіну дамиды.

Саңырау дегеніміз – есту қабілеті қатты бұзылғандықтан сөйлеу тілін анық түсініп болмайтын ақаулық. Мүлде естімейтін тас саңыраулар сирек кездеседі. Көп жағдайларда есту қабілетінің аз да болса саңылауы сақталады. Осы болмашы саңылаудың жәрдемі мен бала өте қатты айқайлап анық айтқанда, зыңылдаған, шаңқылдаған сияқты жеке дыбыстарды, сөздің үзіліп шыққан жеке дыбыстарын, ал кейде құлақтың түбіне тақап қатты айтқан қысқа таныс сөздерді естіп түсіне алады.

Түзету жұмысының негізгі бағыттары есту қабілеті нашар балалардың дұрыс сөйлеу тілін қалыптастыру жұмысы жүйелі түрде сипатталады және есту қабілетінің бұзылуы анықталған кезде бірден бастау керек.

Түзету жұмысының маңызын және жүйелілігін айқындай отырып мынандай негізге сүйену қажет.

а) баланың сөйлеу тілінің бірқалыпты дамуының заңдылығына;

б) сөйлеу дағдысының бар қорын (мөлшеріне).

Есту қабілетінің жеңіл дәрежесінде сабақ кезінде қатты сөйлеген жеткілікті. Бұл баланың нашарлығын есту қабілетінің нашарлығын белсендіруге жәрдем береді.

Есту қабілетінің ауыр дәрежесінде бұзылмаған дені сау анализаторларын, соның ішінде көру анализаторын пайдалану қажет. Баланы айналасындағылардың сөйлеу тілдерін еш қиынсыздық толық түсінуге жәрдем беретін ерін қимылдары арқылы үйретеді. Бұл келешекте сөйлеу тілін еліктеу негізінде

дамуына мүмкіндік туғызады. Нашар еститін балалармен түзету-тәрбие жұмысы сөйлеу тілін түсінуін дамыту, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылысы, сонымен бірге дыбыстардың айтылуын қалыптастыру, лексикалық қорын анықтау және кеңейту бағытында жүргізеді. Осы жұмыспен бір мезгілде оқуға және жазуға үйрету де жүргізіледі.

Оқыту жұмыстарының барлық түрлерінде балалардың сақталған есту қабілетін міндетті

түрде пайдаланады, өйткені бұл естуді арнайы аппараттың жәрдемімен күшейтуге болады. Түзету оқу жұмысы 2 жастан 7 жасқа дейінгі балалармен арнайы бақшаларда жүргізіледі. 7 жастан бастап олар оқуын нашар еститін балаларға арналған мектепте жалғастырады. Баланы есту қабілетінің бұзылуынан алдын ала сақтандыру. Баланы есту қабілетінің бұзылуынан алдын ала сақтандыру жұмысын ең алдымен ата-аналар мен балалар мекемелерінің тәрбиешілері жүргізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау» туралы ережесі. 2002 жыл 11 шілде.
2. Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мекемелердің жұмысын ұйымдастыру туралы ереже. 2000 жыл 11 шілде, № 708 бұйрығы.
3. Безруких М.М., Морозова Л.В. Методика оценки уровня развития зрительного восприятия детей 5-7,5 лет: Руководство по тестированию и обработке результатов. — М.: Новая школа, 2006. — С. 144.
4. Бугрименко Е.А., Венгер А.Л., Политова К.Н., Сушкова Е.Ю. - Готовность детей к школе: Диагностика психического развития и коррекция его неблагоприятных вариантов. - М., 1992. — С. 125.
5. Екжанова Е. Диагностико-прогностический скрининг в первых классах общеобразовательной школы /В сб.: Психодиагностика младших школьников. — СПб.: Институт специальной педагогики и психологии Международного университета семьи и ребенка имени Р. Валленберга. — М., 1998
6. Семаго Н.Я., Семаго М.М. Проблемные дети: основы диагностической и коррекционной работы психолога (Библиотека психолога-практика). — М.: АРКТИ, 2000.

Аюпова Гулбаршын Турагуловна

Лауазымы: философия ғылымдарының кандидаты, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті., Семей қаласы.

Пошта мекен-жайы: индекс 071402, Семей қаласы, Қаржаубайұлы, 189.

байланыс ном: 87015761205.

Елеупаева Жанар Каукербековна

Лауазымы: педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті., Семей қаласы.

Пошта мекен-жайы: индекс 071412, Семей қаласы, Глинки, 16 а.

Байланыс ном: 87025202251.

Еркинтаева Дидар Утебаевана

Лауазымы: педагогика ғылымдарының магистры, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті., Семей қаласы.

Пошта мекен-жайы: индекс 071400, Семей қаласы, Мәңгілік ел, 10-35. Didar_4590@mail.ru. **Байланыс ном:** 87028532999.

Арнайы мектепте психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық ерекшеліктері

Аюпова Гулбаршын Турагуловна

Должность: к.ф.н, старший преподаватель кафедры «педагогика и психологии», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей.

Почтовый адрес: индекс 071402, г.Семей, Қаржаубайұлы, 189 .

Сот. ном.: 87015761205.

Елеупаева Жанар Каукербековна

Должность: к.п.н, старший преподаватель кафедры «педагогика и психологии», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей.

Почтовый адрес: индекс 071412, г. Семей, Глинки, 16 а.

Сот. ном.: 87025202251.

Еркинтаева Дидар Утебаевана

Должность: магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры «педагогика и психологии», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей.

Почтовый адрес: индекс 071400, г. Семей, Мәңгілік ел, 10-35, Didar_4590@mail.ru.

Сот. ном.: 87028532999.

Психологические особенности обучения и воспитания детей с задержкой психического развития в специальной школе

Ayupova Gulbarshyn Turgulovna

Position: Candidate of Philosophical Sciences, senior lecturer of the Department of pedagogy and psychology, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city.

Postal address: Index 071402, Semey, st. Karjaubaiuly, 189

nom: 87015761205

Eleupaeva Janar Kaukerbekovna

Position: Candidate of Pedagogic Sciences, senior lecturer of the Department of pedagogy and psychology, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Postal address: Index 071412, Semey, st. Glinki, 16 a,

nom: 87025202251.

Erkintaeva Didar Utebaevna

Position: magistr of Pedagogic Sciences, senior lecturer of the Department of pedagogy and psychology, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Postal address: Index 071400, Semey, st. Mangilik el, 10-35, Didar_4590@mail.ru.

nom: 87028532999.

Psychological features of training and education of children with mental retardation in a special school